

Каспий теңізі жағалауының су басу мен су жайылу қаупі төнген аймағындағы тұрақты шаруашылық қызметті және халықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қазан 1992 ж. N 925

Каспий теңізі жағалауының су басу мен су жайылу қаупі төнген аймағындағы тұрақты шаруашылық қызметті және халықты қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Каспий теңізі деңгейінің көтерілуінен қорғау төтенше маңызды проблема деп танылсын. Оның су басу мен су жайылу аймағындағы тұрақты шаруашылық қызметті және халықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар Каспий теңізіндегі трансагрессия кезеңінде Қазақстан Республикасының ең басты әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің бірі деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген Атырау және Маңғыстау облыстық әкімшіліктерінің республикалық және жергілікті бюджет қаржыларының, сондай-ақ тиісті бірлестіктер, кәсіпорындар және үйымдар қаржыларының есебінен жылдық ниет білдіруі негізінде Каспий өңірінің тұрақты шаруашылық қызметін және халықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі практикалық шараларға қаржы туралы ұсынысы қабылдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі белгіленген тәртіппен Министрлікке республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыруға бөлінген қаржы шегінде, Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыруды қарастырысЫН.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігіне, оны Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының ғылыми зерттеулерді жүргізу және жинақтау жөніндегі бас үйымдастыруши етіп белгілей отырып, халықаралық деңгейдегі жұмыстарды қоса, Каспий теңізінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді үйлестіру және іске асыру;

Қазақстан Республикасының Сәulet және құрылыш жөніндегі мемлекеттік комитетіне су басқан және су астында қалуға тап болған Каспий теңізінің жағалау аймағы үшін жаңа құрылыш саясатын әзірлеп, іске асыру;

Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетіне,

халықаралық келісімдер жөніндегі практикалық жұмыстарды үйлестіруді қоса, гидротехникалық қорғаныс құрылыштарын жобалау және салу, ірі ауқымды қорғаныс шараларын әзірлеу;

Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдеріне, сондай-ақ Каспий теңізі деңгейінің көтерілуінен қорғау проблемаларын шешуге қатысатын министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың бірінші басшыларына Каспий теңізінің жағалау аймағында тұрақты шаруашылық қызметті және халықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі практикалық шараларды тікелей ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Каспий теңізінің проблемалары бойынша шаралар кешенінің орындалуын жалпы бақылау жөніндегі міндеттер жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің: <*>

Каспий теңізінің проблемалары бойынша техникалық-экономикалық баяндама әзірлеу үшін уақытша шығармашылық жобалау-іздестіру ұжымын құрудың дұрыстығы ;

жобалау-іздестіру ұжымының жұмысын Каспий теңізі деңгейінің көтерілуінен туындаған халық шаруашылығы объектілерін және елді мекендерді су астында қалудан қорғау жөніндегі бірінші кезекті шараларды жүзеге асыру үшін Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдеріне бөлген қаражат есебінен қаржыландыру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті уақытша шығармашылық ұжымының құрамына ғалымдар мен мамандарды ірікеу туралы мәселені бір ай мерзімде шешсін және Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі техникалық-экономикалық баяндаманы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1993 жылдың I тоқсанында тапсыруды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК